

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Наурыз айы, I-апта (01.03-05.03.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Салттар мен фольклор."

Апталық тақырып: "Аналар мерекесі."

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт адамдарына, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне мейірімді және сыйластық қатынасқа тәрбиелеу.

Міндеті: Халықтық дәстүрді құрметтеп, ұлттық салт-дәстүрлердің маңызын түсіндіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 01.03.2021ж.	Сейсенбі 02.03.2021ж.	Сәрсенбі 03.03.2021ж.	Бейсенбі 04.03.2021ж.	Жұма 05.03.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<p>Санамақты үйрету: Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Мысық пен тышқан. Тышқан қашты мысықтан Қатты-қатты жүгірді. Орын тапты қуыстан Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, Тышқанға бері шық,-деді. Еденді ұрды "Тук-тук" деп, Тырналады, кетпеді</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Оң және сол» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл не?" Мақсаты: Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету. Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру.</p>
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Текшемен»				
Таңғы ас	Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.					

<p>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>8.40-9.15</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты: Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету, сөздік қорларын молайту</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Сиқырлы дорба" Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту.</p>	<p>Қимылдық ойын: «Доппен ойнау» Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.</p>	<p>Пирамида ойыншығы бойынша түстерді ажыратып, айтып шығу. Мақсаты: түстерді ажыратып, есте сақтау қабілетін арттыру.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-10.20</p>	<p>1. "Қатынас" Орыс тілі Тема: «Мамин праздник» Цель: Уточнить познания детей о признаках ранней весны, рассказать о пробуждении природы весной. Учить отвечать на вопросы полным предложением, называть слова и выражения, обозначающие весенние признаки и праздник 8 марта на русском языке. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, составлять предложения по картинкам. Воспитывать уважение и любовь к матери, бережное отношение к природе.</p>	<p>2. "Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ана біздің күніміз» Мақсаты: Аналар мерекесі жөнінде мағлұмат беру. Еденнен қос аяқпен екпінмен итеріліп, заттың үстінен қарғып түсуді үйрету. Жануарлардың бейнелік қимылдарын жеткізе білуін бекіту. Доптың қозғалыс бағытын сақтап, бір-біріне допты домалатуға жаттықтыру. 3. "Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Мерекенен анашым» (Б.Қыдырбек. И.Сапарбай) Мақсаты: Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге</p>	<p>1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Менің анам» Мақсаты: Аналардың мейрамы жөнінде әңгімелесу. Допты көтерілген қолдың биіктігінде керілген жіп арқылы 2 м арақашықтықта тұрып, қолды жазып лақтыруды үйрету. Заттың үстінен қос аяқпен секіруді бекіту. 2. "Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Аналарды қадірлейміз» Мақсаты: Мемлекеттік 8 Наурыз мерекесімен таныстыру. Әйел адамдардың мамандықтарын жіктей білуді үйрету, анасына деген мейірімді қатынасын</p>	<p>2. "Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сандықтағы сыйлық» Мақсаты: Еденнен қос аяқпен екпінмен итеріліп, заттың үстінен қарғып түсуді үйрету. Допты көтерілген қолдың биіктігінде керілген жіп арқылы 2 м арақашықтықта тұрып, қолды жазып лақтыруды үйрету. 1 "Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Мерекенен анашым» (Б.Қыдырбек. И.Сапарбай) М/ты: Әнді қайталату арқылы анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге</p>	<p>1. "Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті анам» Мақсаты: 8- Наурыз аналар мерекесі туралы түсінік беру. Және мерекеге қызығушылықтарын арттыру. Өз аналары туралы пікір айтқызу арқылы анаға деген құрмет сезімдері мен ықыластарын білдіруге үйрету, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу. 1. "Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Анама сыйлық» (қағазды шыйыршықтау және бүктеу) Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, анаға сыйлық жасау үшін қағаздан умаждап гүлдер жасай білуге үйрету, ата – ананы сыйлап, құрметтей</p>

		<p>2."Таным". Математика негіздері Тақырыбы:«Аналарға сыйлаймыз» Мақсаты: Балаларға заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша әр түрлі болатынын көрсете отырып, сөздегі үлкен-кіші, шаршы, шеңбер, сопақша пішіндерін сонымен қатар түстерді ажырата білу қабілеттерін әр түрлі ойындар арқылы қалыптастыру. Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Ғажайып сәт.Ішке хат келеді.Карло әкеден тапсырмалар бар екен. Тапсырмаларды орындау.а)Шаршы қандай болады?ә)Шеңбер неге ұқсайды? 3.Сергіту сәті. 4.Д/ойын:"Орамалды жамау" 5.Сұрақ-жауап,мадақтау</p>	<p>үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу</p>	<p>тәрбиелеу. 2."Шығармашылық Сурет салу Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар» Мақсаты: Аналар мерекесі туралы әңгімелей отырып, балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояумен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту.Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: 1.Ғажайып сәт.Ішке Машакеледі.Қолында анасына арналған хаты бар.Анасына хат арнапты. 2.8-наурыз мерекесімен таныстыру. 3.Д/ойын:"Анамның жұмысы" 4.Сурет салу"Анама арналған моншақтар" 5.Сергіту сәті. 6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>үйретуді жалғастыру. Меңгерген дағдыларды бекіту.</p>	<p>білуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: 1Амандасу. 2.Тосын сый.Ішке қоян келеді.Анасын тындамай шығып кеткенін айтады. 3.Ана туралы өлең жолдарын оқу."Құшағынакіргенде ,Жылынамын бір демде.Не жетеді көзіңеМейірімді күннен де Үн қатасың бал тілмен,Еркелеймін әр күн мен." (Н. Айтов)4. Өз аналарың суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрастыру. 5.Д/ойын:"Мен сыйлар едім...." 6.Қағаздан умаждау арқылы анаға сыйлыққа гүлді жасау. 7. Сергіту сәті. 8.Сұрақ-жауап.</p>
--	--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				
Серуен	10.40-12.00	1.Қардың ерігенін бақылау. Мақсаты: табиғат құбылысындағы өзгерістерді бақылау. 2.Еңбек: ойын алаңын реттеу. 3.Қимылды ойын: "Аю мен қояндар" 4.Жеке жұмыс: Аружаннан жыл мезгілінің ерекшелігін сұрау.. 5.Еркін ойындар	1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 2.Еңбек: Ойын алаңын реттеу. 3.Қимылдыойын:" Поезд" 4.Жеке жұмыс: Айбибіге сөйлем сөздерін айтқызу. 5.Еркін ойындар	1.Күнді бақылау. Мақсаты: күннің жылуын сезіну. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазалау. 3.Қимылдыойын: "Ақ серек,көк серек." 4.Жеке жұмыс: Аяна мен Мадинадан пішіндерді сұрау 5.Еркін ойындар.	1. Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау. Мақсаты: табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту 2.Еңбек: алаңды реттеу. 3.Қимылды ойын: "Жалаушаға жет" 4.Жеке жұмыс: Ақылбекке түстерді айтқызып үйрету 5.Еркін ойындар.	1.Құстарды бақылау. Мақсаты: Құстардың тіршілігін бақылау 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Қимылды ойын:" Аю апанында " 4.Жеке жұмыс: Мадина мен Айбибіге сөйлем құрап үйрету. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		"Қарлығаш пен дәуіт" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату	Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Қызыл телпек"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	"Әлди-әлди»атты әуенін тындату арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	16.10-16.30	Вариативтік компонент: "Сикырлы әлем!" Тақырыбы: "Ғарышта"	Үстел үсті театры арқылы "Шалқан"ертегісін сомдап беру.	"Сегодня мамин праздник" атты әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай,	Балаларды"Шалқан" ертегісіндегі кейіпкерлерді атрибут арқылы ойнатып,ертегіні айтып түсіндіру.	Мозайка құрастыру. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту,жасаған жұмысын аяғына дейін бітіруге дағдыландыру

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар		Мақсаты: Таныс геометриялық пішіндерді: сопақшаларды, шеңберлерді үйлестіре отырып, ермексаздан ғарыш бейнесін жасауды үйрету. Шығармашылықты, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту. Ақылбекке түстерді ажыратуға үйрету..	Мақсаты:ертегі арқылы тілдерін дамыту. Бекжан мен Мадинаға ертегі кейіпкерлерін айтқызып,сұрау.	бірге айтуға үйрету,есте сақтау қабілетін арттыру. Аянадан пішіндерді ажыратып,айтқызу.	Мақсаты:балалардың актерлік шеберлігін оятып,сөйлеуге дағдыландыру. Нұрасылға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету	Айзере мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету
Серуенге дайындық	16.30-16.50	Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.				
Серуен	16.50-17.50	Кешкі ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: "Ұшты-ұшты" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойындар	Күннің батып жатқанын бақылау Қимылды ойын: " Жалаушаға жет" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар	Ғимаратты бақылау Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.	Ағаштарды бақылау. Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды барысында түсіндіру. Еркін ойындар.	Ауа-райының өзгергенін бақылау Қимылды ойын: "Ұшақ" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.күрғатып сүртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналарға балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту.	Ата-аналарға бетперде тағуларын ескерту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіруін ескертіп айту.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.

